

№ 1715 тіркелген "Сотталғандарды қоғамнан оқшаулауға байланысты емес жазаны орындау жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет Министрінің 2001 жылғы 11 желтоқсандағы № 151 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Әділет министрінің 2003 жылғы 1 наурыздағы № 35 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 11 наурызда тіркелді. Тіркеу № 2196. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің м.а. 2009 жылғы 24 желтоқсандағы № 170 Бұйрығымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің м.а. 2009.12.24 № 170 бұйрығымен.

"Қазақстан Республикасының Қылмыстық, Қылмыстық іс жүргізу және Қылмыстық-атқару кодекстеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН** :

1. "Сотталғандарды қоғамнан оқшаулауға байланысты емес жазаны орындау жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет Министрінің 2001 жылғы 11 желтоқсандағы № 151 бұйрығына (№ 1715 тіркелген, Нормативтік құқықтық кесімдер бюллетенінде 2002 жылғы № 13-14 жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) көрсетілген бұйрықпен бекітілген сотталғандарды қоғамнан оқшаулауға байланысты емес жазаны орындау жөніндегі нұсқаулықта:

119-тармақ алынып тасталсын;

121-тармақта "оған жүктелген міндеттер," және "олардың орындалмауы," деген сөздер алынып тасталсын;

123-тармақта "және оларға сот жүктеген міндеттерді орындауы," деген сөздер алынып тасталсын;

125-тармақтың 2) тармақшасы алынып тасталсын;

128-тармақта "сотталғанның" деген сөзден кейінгі үтір "және оның" деген сөзбен ауыстырылсын, "және оларға сот жүктеген міндеттерді олардың орындауы," деген сөздер алынып тасталсын;

130-тармақта :

2) тармақшада "оларға сот жүктеген міндеттерді олардың орындамауы," деген сөздер алынып тасталсын;

3) тармақшада "және сот жүктеген міндеттерді олардың орындауын тексеру," деген сөздер алынып тасталсын;

4) тармақшада "және сот жүктеген міндеттердің орындалуы" деген сөздер алынып тасталсын;

131-тармақта "және олардың міндеттерді орындауы" деген сөздер алынып тасталсын;

132-тармақта "және оларға сот жүктеген міндеттерді олардың адал орындауы, " деген сөздер алынып тасталсын;

133-тармақта "және оған сот жүктеген міндеттерді орындауы" деген сөздер алынып тасталсын;

134-тармақта "сотталғанның оған сот жүктеген міндеттерді орындаудан бас тартқанда, немесе" деген сөздер алынып тасталсын, "бұзушылық" деген сөзден кейінгі "олардың" есімдігі "сотталғанның" деген сөзбен ауыстырылсын;
135-тармақ алынып тасталсын;

136-тармақта "және оған сот жүктеген міндеттерді орындаудан бас тартуды жалғастыруда" деген сөздер алынып тасталсын;

137-тармақта "сынақ мерзімі ағымында сотталғанның оған сот жүктеген міндеттерді жүйелі немесе қасақана орындамауы, немесе" деген сөздер алынып тасталсын;

138-тармақ алынып тасталсын;

141-тармақта "сотталғанның оған сот жүктеген міндеттерді орындаудан бас тартуы," деген сөздер алынып тасталсын;

2) 32-қосымшада "Тіркеу парағы" сөзінен кейін "шартты жазаны өтеудегі" деген сөздер алынып тасталсын;

3) 11-қосымшада "түзеу жұмыстары" деген сөздерден кейін жазаның жақшадағы тізбесі "бостандығын шектеу" деген сөздермен толықтырылсын:

4) 2-қосымшаның атауында "жұмыс" деген сөзден кейін үтір қойылып және " бостандықты шектеуді бас бостандығынан айырумен" деген сөздермен толықтырылсын.

2. ҚАЖ Комитетінің Астана қаласы және облыстар бойынша басқармаларының бастықтары жеке құрамның Нұсқаулықты енгізілген өзгерістері мен толықтыруларын ескере отырып зерделеуін қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің Төрағасы П.Н.Посмаковқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр

